


Бекітемін: 
МККК №6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: Қ.Муринова



№6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының
2024-2025 оқу жылына арналған
музыка іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

(Ортаңғы топ)

Хромтау қаласы

**Музыка жетекшісінің 2024-2025 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

Тобы: Ортаңғы топтар «Құлыншак», «Көбелек».

Балалардың жасы: 3 жас

Музыка жетекшісі: Жанабаева Н.Б.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Музыка	Музыка тындау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Түрлі сипаттағы әндерді қабылдайды. Бірдей қарқында ән салады. Би ырғағын, сипатын игереді. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Қазан		Музыка тындау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың	Түрлі сипаттағы әндерді қабылдайды. Музыкалық және шулы аспаптарды ажыратады.

		дыбысталуын ажыратуды үйрету. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Музыканы тындайды. Бірдей қарқында ән салады. Би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындайды. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Қараша		Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.	Музыкалық шығарманы тындайды, сипатын түсінеді. Ре(ми)-ля(си) диапазонында бір қарқында ән айтады. Музыкамен жүруді жүгіруді орындайды, бірінің артынан бірі және шашырап жүреді. Қимылдарды орындайды. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.

		Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	
Желтоқсан		Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Музыка аспаптарының дыбысталуын ажырата біледі. Әннің сипатын жеткізе біледі. Қимылдарды өз бетінше бастауды және аяқтауды орындайды. Би қимылдарының сапасын орындайды. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Қаңтар		Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды,	Музыка аспаптарының дыбысталуын ажырата біледі. Ре(ми)-ля(си) диапазонында бір қарқында ән айтады. Музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес қимылдар орындайды.

		сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Ақпан		Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды, түсінеді. Ән айтады. Музыкалық шығармаларды эмоционалды жеткізе біледі. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Наурыз		Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдайды, есте

		сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	сақтайды. Ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтады. Би қимылдарының элементтерін орындайды, қайталайды. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.
Сәуір		Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра біледі. Ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтады. Би қимылдарын орындайды. Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.

Музыка тыңдау.

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу.

Ән айту.

Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, коңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра біледі.

Ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтады. Би қимылдарын орындайды.

Музыкалық аспапта ырғақпен қағып ойнайды.